

**"Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2009 жылғы 16 ақпандағы № 376 қаулыға өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 06 сәуірдегі N 09 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық Әділет басқармасында 2010 жылғы 15 сәуірде N 5-19-115 тіркелді. Күші жойылды - Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 01 қыркүйектегі N 97 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2011.09.01 N 97 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасы, 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» № 2247 Заңының 20-бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» № 39 Заңының 16-бабына, 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV "Қазақстан Республикасының бюджет кодексі" Қазақстан Республикасы кодексінің 55-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына сәйкес, азаматтарды әлеуметтік қорғау мақсатында Шемонаиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылғы 16 ақпандағы «Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» (нормативтік-құқықтық актілерді тіркеу мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2009 жылғы 03 наурызда 5-19-93 нөмірімен тіркеліп, «Уба-Информ» газетінің 2009 жылғы 20 наурыздағы № 12 санында жарияланды) қаулыға келесі өзгерістер енгізілсін:

Жоғарыдағы қаулымен бекітілген азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі Нұсқаулыққа:

1) 12-тармақтың 2 және 3-тармақшасындағы «осы негізде арнайы мемлекеттік жәрдемақы алушылар» сөзі алынып тасталсын;

2) 12-тармақтың 6-тармақшасындағы «және осы негізде арнайы мемлекеттік жәрдемақы алушылар» сөзі алынып тасталсын;

3) 12-тармақтың 8-тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен соң он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

*Шемонаиха ауданының әкімі*

*А.Кәрімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК